№111 (21.148)
28 қыркүйек
сейсенбі
2021 жыл

1924 жылдың
7 маусымынан бастап
шығып келеді

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ақтөбе

www.aqtobegazeti.kz
aktobegazeti@mail.ru

ТАРИХТАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР ӘЛІ АШЫЛҒАН ЖОҚ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ӨҢІРЛІК КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БҰЛБҰЛ ЕЛЕУСІНОВАНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БАСҚОСУДА БІРҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ.

Аталған шараға өңірлік комиссия мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ облыстық полиция департаменті, мемлекеттік архив, тарихи-өлкетану музейінің өкілдері қатысты.

Қазіргі таңда жұмыс тобының мүшелері барлығы 9 бағыт бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде облыстық мемлекеттік архив және полиция департаменті материалдарынан 840 адамның тізімі анықталып, оларды ақтау үшін қажетті сұраныстар мемлекеттік комиссияға жолданды.

— *Комиссияның бүгінгі отырысының күн тәртібінде бір ғана мәселе қаралатын болады. Ол — саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшелерінің архивтерде жүргізген жұмыстарын қарау.*

Біз ұйымдастыру шараларды бойынша мәселелерді шешуге тырыстық. Күн сайын хабар алысып отырмыз. Ол жағынан ешқандай кедергі жоқ, — деп бірінші боп сөз алған облыс әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінова жұмыс тобының құрамы білікті мамандардан тұратынын атап өтті.

Ал Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің проректоры, тарих ғылымдарының докторы Рахым Бекназаров: «*XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңес билігі нық орнап, діни сауаты жоғары тұлғалармен күреске мықтап кірісті. Антидіни ұйымдар құрылды. Солардың бірі — Қазақстан айматтық комитетінің жанындағы «уағыз-насихат» бөлімін айтуға болады. Бұл бөлім нақты ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізген, арнайы әдістемелік құралдар дайындаған және өр өңірге нұсқаулар берген. Мысалы, Орталық комитеттің шешімімен 18 жасқа дейін діни білім алуға тыйым салынып, қазақ қоғамынан мұсылмандық діни басқарманы ажырату, діни қайраткерлердің жұмысын тоқтату жүргізілген. Жалпы, ислам дінін теріс түсіндіру белең алған*», — деді ол.

Құдалауға ұшыраған қайраткерлерді ақтау бойынша жұмыстардың әлі ауқымды екенін жоғарыда аталған университеттің кафедра меңгерушісі, тарихшы Жібек Бегімбаева, т.б. баяндамашылар тілге тиек етті.

Отырыс барысында комиссия мүшелері архивтерде жүргізілген зерттеу жұмыстары туралы пікір алысып, ұсыныс-тілектерін ортаға салды.

Соңында комиссия төрағасы облыстық ішкі саясат басқармасына архив материалдары мен комиссия мүшелерінің ғылыми еңбектері негізінде жинақ әзірлеп, құрбандар жаппай жерленген орындарды архив құжаттарын басшылыққа ала отырып, ғылыми дәйектеуді тапсырды. Ал облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына Түйетөбе ескерткішінің маңына сенбілік жұмыстарды өткізу, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген орындарды туристік бағытқа қосу бойынша ұсыныстарды дайындау міндеттелді.

Айбек ТАСҚАЛИЕВ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ ДА ҚУАНТТЫ

Салтанат БАЙДЫЛОВА,
Бегімбет ауылының кітапханашысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын асыға күтетіндердің арасында кітапханашылар қауымы да бар. Өйткені дәстүрлі әр Жолдауда біздің рухани қоржынымыздың толысуына, ұлттық құндылықтарымыздың таныluына екпінді міндеттер қойылатынына күә болып жүрміз. Соның арқасында қалың оқырман мен өскелең буын арасында үндестіктер тудыру үшін мәні мол шараларды жиі өткіземіз.

Жолдаудағы төртінші бастамада бюджеттен қаржыландырылатындардың қатарынан кітапханашылар қауымының да өңбегін атап, көлер жылдан бастап жалақыларын көтеруді міндеттеді. Бұл бір қарағанда, Президентіміздің ойлы оқырман ортасын білетіндігін, рухани азықты әрдайым алғы шептен көргісі келетіндігін аңғартады.

Шалқар ауданы.

БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖАРҚЫН ЖОЛ

Мәншүк МАДИЯРОВА,
№34 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселе жағдайына бейжай қарамай, қолдау көрсеткені дел білеміз.

Сонымен қатар алдағы уа-

Өткен сенбі күні А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі жарты ғасырлық тойын атап өтті. Талай жасқа үлкен өнерге жолдама берген арнаулы орта оқу орнының мерейтойына Ахмет Жұбановтың ұрпақтары, музыка мамандары, өнерсүйер қауым арнайы жиналды.

Ақтөбе музыкалық колледжі атаулы

Тікелей эфир

СОҢҒЫ АПТАДА НАУҚАСТАР